

М.Әүезов атындағы университеттің математика кафедрасында оқу орнының 80 жылдығына орай таяуда «Математика дидактикасын дамыту» атты кеңейтілген ғылыми-әдістемелік семинар өтті. Семинарда жартығасырдай мектепте математика пәнінен сабак берген ұстаз Қалмырза Ізтілеуұлы «Геометриядағы жаңалыктар және олардың колданылуы» тақырыбында өзінің жеке іс-тәжірибесі бойынша баяндама жасады.



Тәжірибелі ұстаз өз баяндамасында сонғы қырық жылдан берігі геометрия оқулықтарындағы ұғымдарды анықтау мәселесін сөз етті.

— Мектепте геометрияны оқып-үйрену алдымен ондағы колданылатын ұғымдарды өз мәннеги насында қалыптастырудан, яғни геометриялық ұғымдарды тәнімдүк деңгейге жеткізуден басталуы тиіс. Бірақ, жер жүзі математиктерінің XIX ғасырда қолға алған осы мәселе лі өлі толық орындалмай келеді. Бул кемшилік біздің елімізге ғана өмес, әлемнің барлық

елдеріне тән. Осы пікіріме дәлел ретінде елімізде қолданылып жүрген оқулықтардан, Ресей, АҚШ мектептеріне арналған оқулықтардан нақты мысалдар келтіре аламын. Оның себебі, оқулық авторларының Британияның энциклопедист ғалымы Джон Гершельдің «анықтама дәл болмай, ешбір пайымдау дұрыс болмайды» дегеніне жеткілікті көңіл бөлмеуінен, – дейді Қалмырза Ізтілеуұлы.



Евклидтің таба алмағанын ізтілеудің ұлы тапты!

(Соңы. Басы 1-бетте).

Ұстаз мектепте көптеген тақырыпты оқытқанда белгілі бір мәселеңін алдын шығатынын айтады. Сондай мәселе трапеция фигурасын оқытқанда туындаиды екен. Трапеция үгімінде жаңа тақырыла бастаған бірнеше мындаған жылдан бері оның «тік бұрышты трапеция» және «төң бүйірлі трапеция» деген түрлеріне арнағы атау (термин) қойылды да, үшінші түріне атау табылмай келді. Осы мәселеңі ауылдағы қазақ мектебінің мұғалімі, қазір біз әнгімелізге арқау етіп отырған Қалмырза Ізтілеуұлы 1995 жылы-ақ шешіп тастаған. Сөйтіп, ешкім атауын таба алмай келген трапецияға «сүйір бұрышты трапеция» атауын берді. Трапецияның «қызық үшбұрыш» екенін байқай отырып, бұрын-соңды геометрияда жаңа тақырылмаған «догал бұрышты трапецияны» тапты. Сонымен бірге, бұрын ғылымға белгісіз болып келген трапецияның жаңа қасиетін тауып, дәлелдеді. Осы теореманың авторы ретінде ұстаз оны ел тәуелсіздігінің құрметіне «Тәуелсіздік теоремасы» деп атағанын айта кеткен жән. «Тәуелсіздік теоремасының» көмегімен трапецияның ауданын есептейтін екі формула қорытып шығарып, қазір оны шекіртеріне үйретіп жүргенін айтады.

Қалмырза Ізтілеуұлы бул жұмыстардың бәрін ғылыми атақ иелену үшін жасаған жоқ. Оқушыларына геометриялық есептерді шешудің бұрынғылардан




Суретте: Қалмырза ІЗТИЛЕУҰЛЫ.

тиімді, женіл жолын үйрету үшін ізденді. Соңы он шакты жылда геометриялық есептердің құрамына кіретін «Пифагор үшбұрышын» шешудің бұрынғы тәсілдерге қарағанда оңай тәсілін іздестірді. Нәтижесінде 4-5 мың жылдық тарихы бар «Пифагор тендеуін» шешу формулаларын қорытып шығарды. Пифагор тендеуін шешудің алғашқы формуласын Пифагордың езі (б.д.д. 580-500) тапса, ондай формула-

лардың тағы да басқа түрлерін Платонның (б.д.д. 427-347), Евклидтің (б.д.д. 365-300) тапқаны белгілі.

Сонымен қатар математикалық энциклопедияда Пифагор тендеуінің барлық шешімін табатын формула – Евклид формуласы деп көрсетілген. Яғни бул қорытынды Пифагор тендеуін шешу мәселеңі осыдан 23 ғасыр бұрын шешіліп қойған деген сез. Қалмырза Ізтілеуұлы энциклопедиядағы бул тұжы-



рым жаңылыс айтылған, яғни Пифагор тендеуінің Евклидтің формуласымен дебағылмайтын көптеген шешімдері бар деп бізді таң қалдырды. Артынша осы сезіне дәлел ретінде Пифагор тендеуінің шешімдерін Евклидтің және езінің формуласымен қатар шешіп көрсетті. Сөйтіп, Евклидтің формуласымен табылған бірнеше шешімдерді Қалмырза Ізтілеуұлының формуласымен анықтауга болатындын анық көзіміз жетті. Ол Пифагор тендеуін шешетін езінің формуласын бірнеше түрге түрлендірді. Оның формуласының соңы түрінен Пифагор-

дың формуласы шықты. Яғни Пифагордың формуласы Ізтілеуұлының формуласының дербес түрі екенін көрдік.

Дегенмен, мектеп мұғалімінің осынша жаңалықтарын жекелеген ізденімпаз мұғалімдерден басқа ешкім қолдана алмай келеді. Негізі жаңалық бүгін ашылса, ертеңіне практикада қолданылуы дамыған қоғамға тән зандылық. Ал, мектеп мұғалімі осы ізденістері үшін ҚР Әділет министрлігінен екі бірдей авторлық қуәлік алғанына қарамастан жаңалықтарының 25 жылдан астам уақыттан бері ешкімге керек болмай отырғанын айтты. Шынына келгендеге, бул – жаңалықтың авторына ғана емес, геометрияғылымына жасалған қиянат.

Ұстаздың семинарда жасаған баяндамасы талқыланып, пікірталастар орын алды. Қойылған сұрақтарға тұжырымды жауаптар берілді. Семинарга қатысушылар «К.Ізтілеуұлы ашқан жаңалықтарды мектеп оқулықтарына енгізуге болады» деген қорытындыға келді. «Математика» кафедрасы ұстазға осы жаңалықтарды түсіндіретін әдістемелік нұсқауды дайындауды ұсынды.

А.ӘБЖАЛБАРОВ,

М.Әуезов атындағы ОҚУ
«Математика» кафедрасының
доценті.

Е.НЫСАНОВ,

М.Әуезов атындағы ОҚУ
«Информатика» кафедрасының
профессоры.